

Өнімді тіркеп, мына тораптан қолдау алыңыз
www.saeco.com/welcome

30

Қазақша

EXPRESIA EVO

Type HD8858 / HD8859

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



КК

30

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА ОСЫ ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫН МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған

CE

EAC

 **Saeco**

Толығымен автоматты Saeco Exprelia EVO кофе құрылғысын сатып алғаныңызбен құттықтаймыз! Saeco ұсынатын қолдауды барынша пайдалану үшін өнімді www.saeco.com/welcome сайтында тіркеңіз.

Бұл пайдаланушы нұсқаулығы HD8858 және HD8859 модельдеріне қолданылады.

Құрылғы тұтас кофе дәндерінен эспрессо дайындау үшін қолайлы және де ол керемет капучино немесе латте маккьятоны тез әрі оңай дайындау үшін сүт құманымен жабдықталған. Осы пайдаланушы нұсқаулығында құрылғыны орнату, қолдану, тазалау және қақтан тазалауға қажетті барлық ақпарат берілген.

МАЗМҰНЫ

МАҢЫЗДЫ	4
Қауіпсіздік нұсқаулары	4
Ескертулер	4
Сақтандырулар	7
Электрмагниттік өрістер.....	8
Тастау.....	9
ОРНАТУ	10
Өнімге шолу	10
Жалпы сипаттама.....	11
ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ	12
Құрылғы орамасы.....	12
Құрылғыны орнату.....	12
ҚҰРЫЛҒЫНЫ АЛҒАШ РЕТ ҚОЛДАНУ	15
Автоматты шаю/өзін-өзі тазалау циклі.....	15
Қолмен шаю циклі.....	15
Су қаттылығын өлшеу және бағдарламалау.....	17
«INTENZA+» су сүзгісін орнату.....	19
«INTENZA+» су сүзгісін ауыстыру.....	21
РЕТТЕУЛЕР	22
Saeco Adapting System.....	22
Керамикалық кофе тартқышты реттеу.....	22
Қаймақ пен кофе аштылығын реттеу (Saeco Brewing System)	23
Хош иісті реттеу (кофе аштылығы)	24
Ағызу шүмегін реттеу.....	24
Кофе қалыңдығын реттеу	26
ЭСПРЕССО, КОФЕ ЖӘНЕ ЛУНГО ҚАЙНАТУ	27
Кофе дәндерін қолданып эспрессо, кофе және лунго қайнату	27
Алдын ала тартылған кофеден эспрессо, кофе және лунго қайнату.....	28

СҮТ ҚҰМАНЫ.....	30
Сүт құманын толтыру	30
Сүт құманын салу	31
Сүт құманын алу	32
Сүт құманын босату	33
КАПУЧИНО ҚАЙНАТУ	34
Капучино қалыңдығын реттеу	36
ЛАТТЕ МАККЪЯТО ҚАЙНАТУ.....	37
Латте маккъято қалыңдығын реттеу	39
АРНАЙЫ СУСЫНДАР	40
Ыстық сүт	40
Ыстық су ағызу	41
Бу шығару	42
СУСЫН БАҒДАРЛАМАЛАУ.....	43
Капучиноны бағдарламалау	44
Ыстық суды бағдарламалау	45
ҚҰРЫЛҒЫНЫ БАҒДАРЛАМАЛАУ	46
Жалпы мәзір	47
Дисплей мәзірі	47
Су мәзірі	48
Техникалық қызмет көрсету мәзірі	49
Зауыттық параметрлер	49
ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	50
Құрылғыны күнделікті тазалау.....	50
Су ыдысын күнделікті тазалау.....	51
Сүт құманын күнделікті тазалау: «CLEAN» өзін-өзі тазалау циклі (қолданып болған сайын)	52
Құрылғыны апта сайын тазалау	52
Сүт құманын апта сайын тазалау	54
Қайнату бөлігін апта сайын тазалау	56
Сүт құманын ай сайын тазалау	58
Қайнату бөлігін ай сайын майлау.....	61
Қайнату бөлігін ай сайын «Кофе майын кетіргіш затпен» тазалау.....	62
Кофе дәндері ыдысын ай сайын тазалау.....	64
ҚАҚТАН ТАЗАЛАУ	65
ДИСПЛЕЙДІҢ МАҒЫНАСЫ	69
АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	71
ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ	74
Күту режимі	74
Экран қорғаушысы	74
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	75
КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ.....	75
Кепілдік.....	75
Қызмет көрсету.....	75
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨНІМДЕРІНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ .	76

МАҢЫЗДЫ

Қауіпсіздік нұсқаулары

Бұл құрылғы қауіпсіздік құрылғыларымен жабдықталған. Дегенмен қауіпсіздік нұсқауларын мұқият оқып шығып, оларды орындаңыз. Құрылғыны дұрыс пайдаланбағандықтан күтпеген жерде жарақат алмау немесе зақым келтірмеу үшін, құрылғыны осы нұсқауларда сипатталған түрде дұрыс пайдаланыңыз. Осы пайдаланушы нұсқаулығын кейін қолдану үшін сақтаңыз.



ЕСКЕРТУ сөзі мен осы белгіше ауыр жарақат алу қаупі, өмірге және/немесе құрылғыға зақым келу қаупі туралы ескертеді.



САҚТАНДЫРУ сөзі мен осы белгіше жеңіл жарақат алу және/немесе құрылғыға зақым келу қаупі туралы ескертеді.

Ескертулер

- Құрылғы жалғанатын розетканың кернеуі құрылғының техникалық сипаттамаларына сәйкес келуі керек.
- Құрылғыны жерге тұйықталған розеткаға жалғаңыз.

- Қуат сымы үстелдің шетінен ілініп тұрмауы немесе ыстық беттерге тимеуі тиіс.
- Құрылғыны, қуат ашасын немесе қуат сымын суға салушы болмаңыз: Ток соғу қаупі!
- Қуат сымының қосқышына сұйықтық төгуге болмайды.
- Ыстық су ағынын дене мүшелеріне қаратушы болмаңыз: Күйіп қалу қаупі!
- Ыстық беттерге тимеңіз. Тұтқалар мен тетіктерді пайдаланыңыз.
- Құрылғының артындағы қуат түймесін басып, құрылғыны өшіргеннен кейін, қуат ашасын розеткадан ағытыңыз:
 - ақаулық орын алса;
 - құрылғы көп уақыт қолданылмайтын болса;
 - құрылғыны тазаламас бұрын.
- Қуат сымынан емес, қуат ашасынан ұстап тартыңыз.
- Қуат ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғы, қуат сымы немесе құрылғының өзі зақымдалған болса, құрылғыны қолданбаңыз.
- Құрылғыны немесе оның қуат сымын түрлендіруге болмайды. Кез келген қауіптің алдын алу үшін жөндеу жұмыстарын Philips компаниясының

өкілетті қызмет көрсету орталығы атқаруы қажет.

- Құрылғыны 8-ге толмаған балаларға қолдануға болмайды.
- Құрылғыны дұрыс қолдану жөнінде нұсқау беріліп, қатысты қауіптер туралы хабарланған болса немесе ересектер бақылап отырса, құрылғыны 8-ге толған балаларға қолдануға болады.
- 8-ге толмаған болса және ересектер бақылап отырмаса, балаларға құрылғыны тазалауға және оған техникалық қызмет көрсетуге болмайды.
- Құрылғы мен оның қуат сымын 8-ге толмаған балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Құрылғыны дұрыс қолдану жөнінде нұсқау беріліп, қатысты қауіптер туралы хабарланған болса немесе ересектер бақылап отырса, құрылғыны физикалық, сезу немесе ой қабілеті төмен немесе тиісті тәжірибесі және/немесе дағдысы жеткіліксіз адамдарға қолдануға болады.
- Балалар құрылғымен ойнамауы үшін, оларды бақылап отыру қажет.

- Кофе тартқышқа саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салушы болмаңыз.

Сақтандырулар

- Құрылғы тек үйде пайдалануға арналған. Ол дәмханаларда, дүкен қызметкерлерінің ас үйінде, кеңселерде, зауыттарда немесе басқа жұмыс орталарында қолдануға арналмаған.
- Құрылғы әрдайым тегіс әрі тұрақты бетте тұруы керек.
- Құрылғыны ыстық беттерге, ыстық пештің, жылытқыштың немесе соған ұқсас қызу көздерінің жанына орналастыруға болмайды.
- Кофе дәндері ыдысына тек қуырылған кофе дәндерін салыңыз. Кофе дәндері ыдысына тартылған кофе, еритін кофе, қуырылмаған кофе немесе кез келген басқа зат салынса, құрылғыға зақым келуі мүмкін.
- Кез келген бөліктерді салмас немесе шешіп алмас бұрын, құрылғы салқындағанша күтіңіз. Қолданғаннан кейін қыздыру беттері қызуды сақтауы мүмкін.

- Су ыдысын толтыру үшін жылы немесе ыстық су қолданушы болмаңыз. Тек салқын газдалмаған ауыз суын қолданыңыз.
- Ысқыш ұнтақтармен немесе қатты тазалағыш заттармен тазалаушы болмаңыз. Суланған жұмсақ шүберекпен сүртсеңіз болғаны.
- Құрылғыны жүйелі түрде қақтан тазалаңыз. Мұны орындамасаңыз, құрылғы дұрыс жұмыс істемей қалады. Мұндай жағдайда кепілдік жөндеуді қамтымайды!
- Құрылғыны 0 °C-тан төмен температурада ұстамаңыз. Қыздыру жүйесінде қалған су қатып, зақым келтіруі мүмкін.
- Құрылғы көп уақыт қолданылмаса, су ыдысында су қалдырмау керек. Су ластануы мүмкін. Құрылғыны қолданған сайын таза су қолданыңыз.

Электрмагниттік өрістер

Осы құрылғы электрмагниттік өрістердің әсеріне қатысты барлық тиісті стандарттар мен қаулыларға сай келеді.









Тастау



Өнімдегі осы таңба өнімнің 2012/19/EU директивасымен қамтылғанын білдіреді. Электр және электрондық өнімдерге арналған жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы мәлімет алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді тұрмыстық қоқыс ретінде тастамаңыз. Ескі өнімдерді тиісті түрде тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін кері әсердің алдын алуға көмектеседі.

OPHATY

Өнімге шолу



Жалпы сипаттама

1. Су ыдысы
2. Алдын ала тартылған кофе бөлігі
3. Қызмет көрсету есігі
4. Кофе ағызу шүмегі
5. Бу/ыстық су түтігі
6. Толы тамшылау науасы көрсеткіші
7. Қақпағы бар кофе дөңдері ыдысы
8. Кофе тартқышты реттеу
9. Басқару панелі
10. Құман бекітілетін қақпақ
11. Тамшылау науасы (сыртқы)
12. Қайнату бөлігі
13. Тартылған кофе тартпасы
14. Тамшылау науасы (ішкі)
15. Қызмет көрсету есігінің түймесі
16. Қуат сымының ұясы
17. Қуат түймесі
18. Сүт құманы
19. Кофе майын кетіргіш зат (бөлек сатып алынады)
20. Қақтан тазалау ерітіндісі (бөлек сатып алынады)
21. INTENZA+ су сүзгісі (бөлек сатып алынады)
22. Алдын ала тартылған кофе өлшеу қасығы
23. Қайнату бөлігіне арналған май
24. Су қаттылығын тексеру жолағы
25. Тазалау щеткасы
26. Қуат сымы
27. Эспрессо түймесі
28. Кофе түймесі
29. Капучино түймесі
30. Лунго түймесі
31. «Арнайы сусындар» түймесі
32. «Аroma» — алдын ала тартылған кофе түймесі
33. «OK» түймесі
34. «ESC» түймесі
35. «MENU» түймесі
36. Құманды тазалау циклін іске қосу түймесі (Clean)
37. Күту режимі түймесі
38. Латте маккьято түймесі

ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ

Құрылғы орамасы

Бастапқы орама материалы құрылғыны тасымалдау кезінде оны қорғау үшін жасалған. Орама материалын болашақта тасымалдау кезінде пайдалану үшін сақтап қоюды ұсынамыз.


Құрылғыны орнату

1 Торымен бірге тамшылау науасын орамадан алыңыз.


2 Құрылғыны орамадан алыңыз.

3 Тиісті түрде қолдану үшін мына кеңестерге жүгініңіз:

- құрылғы құлап түсу немесе жарақат алу қаупі жоқ қауіпсіз, түзу бетті таңдаңыз.
- жеткілікті түрде жарықтандырылған, таза және оңай қол жететін қуат көзіне жақын орынды таңдаңыз.
- мына суретте көрсетілгендей, құрылғының жан-жағында орын қалдырыңыз.



4 Тамшылау науасын (сыртқы) және торды құрылғыға салыңыз. Дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.





Ескертпе:

Тамшылау науасына әрбір шаю/өзін-өзі тазалау циклі кезінде ағызу шүмегінен шығатын су, сондай-ақ сусын дайындаған кезде төгілген кофе жиналады. Тамшылау науасын күнделікті және толы тамшылау науасы көрсеткіші көтерілген сайын босатып жуып тұрыңыз.


Сақтандыру:

Құрылғыны жаңа қосқан кезде тамшылау науасын алушы **БОЛМАҢЫЗ**. Құрылғы шаю/өзін-өзі тазалау циклін орындап болғанша бірнеше минут күтіңіз.





5 Қақпақты көтеріп, су ыдысын тұтқасын ұстап шығарыңыз.




6 Су ыдысын таза сумен шайыңыз.

7 Су ыдысын MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырып, қайтадан құрылғыға салыңыз. Ол толығымен кіргізілгеніне көз жеткізіңіз.




Сақтандыру:

Су ыдысын жылы, ыстық, газдалған сумен немесе кез келген басқа сұйықтықпен толтырушы болмаңыз, әйтпесе су ыдысы мен құрылғыға зақым келуі мүмкін.



8 Кофе дәндері ыдысының қақпағын көтеріп, ішкі қақпақты алыңыз.



9 Кофе дәндерін ақырындап кофе дәндері ыдысына салыңыз. Ішкі қақпақты орнына қойып, сыртқы қақпақты жабыңыз.



Ескертпе:


Кофе дәндері ыдысына тым көп кофе дәндерін салмаңыз, себебі құрылғының тарту өнімділігі төмендейді.



Сақтандыру:


Кофе дәндері ыдысына тек кофе дәндерін салуға болады. Тартылған кофе, өритін кофе, карамельденген кофе немесе кез келген басқа зат салынса, құрылғыға зақым келуі мүмкін.

14 ҚАЗАҚША



10 Ашаны құрылғының артқы жағындағы ұяға қосыңыз.

11 Қуат сымының екінші ұшындағы ашаны ток кернеуі тиісті розеткаға қосыңыз.




12 Құрылғыны қосу үшін қуат түймесін «I» позициясына ауыстырыңыз.



13 Мына бет көрсетіледі. «» немесе «» айналдыру түймесін басып, қажетті тілді таңдаңыз.



14 Растау үшін «» түймесін басыңыз.

 **Ескертпе:**

Ешбір тіл таңдалмаса, құрылғы келесі рет қосылғанда, сізден тілді таңдау сұралады.



15 Құрылғы қызып жатыр.


ҚҰРЫЛҒЫНЫ АЛҒАШ РЕТ ҚОЛДАНУ

Автоматты шаю/өзін-өзі тазалау циклі

Қызу аяқталғаннан кейін құрылғы ішкі контурларды таза сумен шаю/өзін-өзі тазалау циклін автоматты түрде орындайды. Бұған бір минуттан аз уақыт кетеді.



- 16** Ағатын аздаған суды жинау үшін ағызу шүмегінің астына ыдыс қойыңыз.



- 17** Мына бет көрсетіледі. Цикл автоматты түрде аяқталғанша күтіңіз.



Ескертпе:


«↶» түймесін басып, ағызуды тоқтатуға болады.




- 18** Жоғарыда сипатталған әрекеттер аяқталғаннан кейін құрылғы мына дисплейді көрсетеді.

Қолмен шаю циклі


Құрылғыны алғаш рет қолданғанда шаю циклін орындау керек. Бұл процесс барысында кофе қайнату циклі қосылады және ағызу шүмегінен таза су ағады. Бұған бірнеше минут уақыт кетеді.



- 1** Ағызу шүмегінің астына ыдыс қойыңыз.



2 «☪» түймесін басып, алдын ала тартылған кофе қайнату функциясын таңдаңыз. Құрылғы «☪» белгішесін көрсетеді.




3 «☪» түймесін басыңыз.




4 «✓» түймесін басыңыз. Құрылғыдан су аға бастайды.

Ескертпе:


Бөлікке алдын ала тартылған кофе қоспаңыз.




5 Ағызу аяқталғаннан кейін ыдысты босатып, оны қайтадан бу/ыстық су түтігінің астына қойыңыз.



6 «☪» түймесін басыңыз.




7 Опцияларды төмен айналдыру үшін «✓» түймесін басыңыз. «✓» түймесін басып, HOT WATER тармағын таңдаңыз.



8 Су ағызғаннан кейін, ыдысты алып, оны босатыңыз.

9 5–8 қадамдарын су ыдысы босағанша қайталаңыз, одан кейін 10-қадамға өтіңіз.



10 Осы әрекет аяқталғаннан кейін су ыдысын MAX деңгейіне дейін қайта толтырыңыз. Енді құрылғы кофе қайнатуға дайын.

Ескертпе:

Құрылғыны екі не одан көп апта қолданбаған болсаңыз, оны қосқан кезде құрылғы автоматты шаю/өзін-өзі тазалау циклін автоматты түрде орындайды. Бұдан кейін жоғарыда айтылғандай қолмен шаю циклін орындауыңыз керек.

Автоматты шаю/өзін-өзі тазалау циклі мына жағдайларда да автоматты түрде қосылады: құрылғыны қосқан кезде (қайнатқыш суып тұрғанда), құрылғы күту режиміне өтуге дайындалып жатқанда немесе құрылғыны өшіру үшін «**⏻**» түймесі басылғаннан кейін (кофе қайнатылғаннан кейін).

Су қаттылығын өлшеу және бағдарламалау

Қақтан тазалау жиілігін анықтау және «INTENZA+» су сүзгісін орнату үшін су қаттылығын өлшеу өте маңызды (су сүзгісі туралы қосымша мәлімет алу үшін келесі тарауды қараңыз).

Су қаттылығын өлшеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.




1 Құрылғымен бірге берілген су қаттылығын тексеру жолағын суға 1 секундқа салыңыз.

Ескертпе:

Тексеру жолағын тек бір рет өлшеу үшін қолдануға болады.

2 Бір минут күтіңіз.



3 Қанша шаршының түсі қызылға ауысқанын тексеріп, мына кестені қараңыз.



Ескертпе:

Су қаттылығын тексеру жолағындағы сандар су қаттылығын реттеу параметрлеріне сәйкес келеді.

Дәлірек айтқанда:

1 = 1 (өте жұмсақ су)

2 = 2 (жұмсақ су)

3 = 3 (қатты су)

4 = 4 (өте қатты су)

Өріптер «INTENZA+» су сүзгісінің астыңғы жағында орналасқан сілтемелерге сәйкес келеді (келесі тарауды қараңыз).




4 Енді су қаттылығының деңгейін бағдарламалауға болады. Құрылғының негізгі мәзіріне кіру үшін «☰» түймесін басыңыз.




Ескертпе:


Құрылғы судың көптеген түрлеріне қолайлы, стандартты су қаттылығы параметрімен жеткізіледі.



5 Опцияларды төмен айналдыру үшін «▼» түймесін басыңыз. «✓» түймесін басып, MACHINE MENU тармағын таңдаңыз.



6 «▼» түймесін басып, «WATER MENU» тармағын таңдаңыз. Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



7 «✓» түймесін басып, «HARDNESS» опциясын таңдаңыз да, су қаттылығының мәнін орнатыңыз.


«INTENZA+» су сүзгісін орнату

«INTENZA+» су сүзгісін орнатқаныңызды жөн санаймыз, себебі ол қақ жиналуына жол бермейді және эспрессоның хош иісін сақтайды.



INTENZA+ су сүзгісін бөлек сатып алуға болады. Қосымша мәлімет алу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығындағы «Техникалық қызмет көрсету өнімдеріне тапсырыс беру» тарауын қараңыз.


Су — әрбір эспрессоның маңызды бөлігі, сондықтан оны әрдайым кәсіпқой түрде сүзу өте маңызды. «INTENZA+» су сүзгісі қолданылса, ол тұз шөгінділерінің жиналуына жол бермейді және су сапасын жақсартады.



1 Су ыдысынан кіші ақ сүзгіні алып, оны құрғақ жерде сақтаңыз.



2 «INTENZA+» су сүзгісін орамасынан алып, оны тігінен (ауызын жоғары қаратып) суық суға батырыңыз да, бүйірлерін абайлап басыңыз, сөйтіп ауа көпіршіктері шығарасыз.




3 Сүзгіні өлшенген (алдыңғы тарауды қараңыз) және сүзгінің астыңғы жағында көрсетілген параметрлерге сәйкес орнатыңыз:


A = жұмсақ су – тексеру жолағында 1 не 2-ге тең

B = қатты су (стандартты) – тексеру жолағында 3-ке тең


C = өте қатты су – тексеру жолағында 4-ке тең




4 Сүзгіні бос су ыдысына салыңыз. Оны одан әрі қозғалмайтындай күйге келгенше басыңыз.



5 Су ыдысын MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырып, қайтадан құрылғыға салыңыз.



6 Бу/ыстық су түтігінің астына үлкен ыдыс (1,5 л) қойыңыз.




7 Құрылғының негізгі мәзіріне кіру үшін «☰» түймесін басыңыз.

8 Опцияларды төмен айналдыру үшін «▼» түймесін басыңыз. «✓» түймесін басып, MACHINE MENU тармағын таңдаңыз.



9 «▼» түймесін басып, «WATER MENU» тармағын таңдаңыз. Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



10 ACTIVATE FILTER пәрменін таңдап, «✓» түймесін басыңыз.




11 Сүзгіні іске қосу процедурасын растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



12 Су сүзгісін салып, су ыдысын толтырғаныңызды растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



13 Су ағызу шүмегінің астына ыдыс қойылғанын растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



14 Құрылғыдан су аға бастайды. Мына экран көрсетіледі. Өрекет аяқталғаннан кейін, ыдысты алыңыз.


«INTENZA+» су сүзгісін ауыстыру

«INTENZA+» су сүзгісін ауыстыру керек болған кезде, «CHANGE FILTER» белгішесі көрсетіледі.



1 Сүзгіні алдыңғы тарауда сипатталғандай ауыстырыңыз.

2 Құрылғы енді жаңа сүзгіні қолдануға бағдарламаланды.



Ескертпе:

Сүзгі әлдеқашан орнатылған болса және сіз оны ауыстырмай алып тастағыңыз келсе, «ENABLE FILTER» опциясын таңдап, оны «OFF» күйіне орнатыңыз.

«INTENZA+» су сүзгісі орнатылмаған болса, бұрын алынған кіші ақ сүзгіні су ыдысына орнатыңыз.

РЕТТЕУЛЕР

Дәмі ең күшті кофе қайнату үшін құрылғы белгілі бір реттеулерге мүмкіндік береді.

Saeco Adapting System


Кофе — сипаттары шыққан жеріне, қоспасына және қуыру дәрежесіне қарай әр түрлі болатын табиғи өнім. Құрылғы нарықтағы кофе дәндерінің барлық түрлерін (карамельденген дәндерден басқа) қолдануға мүмкіндік беретін өзін-өзі бейімдеу жүйесімен жабдықталған.

Құрылғы тартылған кофенің ұсақтығына қарай кофе шығаруды оңтайландыру үшін бірнеше кесе кофе қайнатқаннан кейін өзін автоматты түрде бейімдейді.

Керамикалық кофе тартқышты реттеу

Керамикалық кофе тартқыштар әрбір кофе қоспасы үшін дәл тарту дәрежесін қамтамасыз етіп, дәндердің шамадан тыс қызып кетуіне жол бермейді.

Мұның арқасында хош иіс толығымен сақталып, әрбір кесемен шынымен италияндық дәм ұсынылады.



Ескерту:

Керамикалық кофе тартқышта қауіпті болуы мүмкін қозғалатын бөлшектер бар. Саусақтарыңызды немесе кез келген басқа заттарды салуға болмайды. Кофе дәндері ыдысының ішінде көз келген жұмыс атқармас бұрын, құрылғыны ON/OFF түймесімен өшіріп, ашаны розеткадан ағытыңыз.

Керамикалық тартқыштарды кофе тарту дәрежесін қалауыңызға сай орнату үшін реттеуге болады.




Ескерту:


Кофе дәндері ыдысының ішіндегі тартқышты реттеу тетігін керамикалық кофе тартқыш қолданылып жатқанда ғана бұрауға болады.

Осы реттеуді кофе дәндері ыдысының ішіндегі тартқышты реттеу тетігін басып бұрау арқылы орындауға болады.

1 Кофе дәндері ыдысының қақпағын ашыңыз.




- 2** Тартқышты реттеу тетігін басып, бір уақытта бір кетікке бұраңыз. Айырмашылықты 2–3 кесе эспрессо қайнатқаннан кейін сезесіз.



- 3** Кофе дөңдері ыдысының қақпағындағы сілтеме белгілер тарту параметрін көрсетеді. 8 тарту параметрінің бірін таңдауға болады:

- өте ірілеп тартудан (●): жұмсағырақ дәм, қатты қуырылған кофе қоспалары үшін;
-
- өте ұсақтап тартуға дейін (●): аштылау дәм, сәл қуырылған кофе қоспалары үшін.




Керамикалық кофе тартқышты ұсағырақ параметрге реттеген кезде кофенің дәмі аштылау болады. Кофе дәмі жұмсағырақ болуы үшін керамикалық кофе тартқышты ірілеу параметрге реттеңіз.

Қаймақ пен кофе аштылығын реттеу (Saeco Brewing System)

Saeco Brewing System (SBS) кофе қайнату жылдамдығын реттеу арқылы кофе қаймағы мен дәмінің қарқындылығын басқаруға мүмкіндік береді.

- Ағын жылдамдығын арттыру үшін, тетікті сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз: кофе жұмсарады және қаймағы азаяды.
- Ағын жылдамдығын азайту үшін, тетікті сағат тілі бағытымен бұраңыз: кофе аштылау болады және қаймағы көбейеді.



Ескертпе:

Жылдамдықты кофе қайнату барысында реттеуге болады.

Хош иісті реттеу (кофе аштылығы)



Таңдаулы кофе қоспасын таңдап, қалауыңызға сәйкес тартылатын кофе мөлшерін реттеңіз. Алдын ала тартылған кофе функциясын да таңдауға болады.



Ескертпе:


Бұл таңдауды кофеңі таңдамас бұрын жасау керек.

Құрылғы әрбір өнім үшін тартылған кофеңің тиісті мөлшерін орнатуға мүмкіндік береді. Әрбір өнімнің стандартты реттеуін «BEVERAGE MENU» ішінен орнатуға болады («Сусын бағдарламалау» тарауындағы «Coffee Quantity» опциясын қараңыз).



1 Тартылған кофеңің мөлшерін уақытша өзгерту үшін басқару панелінде «0» түймесін басыңыз.


2 Хош иіс таңдалған мөлшерге байланысты бір дәрежеге өзгереді:

- 0** = аз мөлшер
- 00** = орташа мөлшер
- 000** = көп мөлшер
-  = сусын қайнату үшін алдын ала тартылған кофе қолданылады

Ағызу шүмегін реттеу

Қолданылатын кеселердің өлшемдеріне сай келу үшін ағызу шүмегінің биіктігін реттеуге болады.

Саусақтарыңызбен ағызу шүмегін жоғары не төмен жылжытып, суретте көрсетілгендей биіктігін реттеңіз.






Қолданылуы жөн позициялар:
Кіші кеселер үшін;



Үлкен кеселер үшін;



Латте маккьято кеселері үшін.



Ескертпе:

Үлкен ыдыстарды қолдану үшін ағызу шүмегіні алып тастауға да болады.



Бір уақытта екі кофе қайнату үшін ағызу шүмегінің астына екі кесе қоюға болады.


Кофе қалыңдығын реттеу

Құрылғы қайнатылған кофе не сүт мөлшерін қалауыңызша және кеселердің өлшемдеріне қарай реттеуге мүмкіндік береді. «☕», «☕» немесе «☐» түймесі басылған сайын, құрылғы алдын ала орнатылған өнім мөлшерін қайнатады. Өрбір түймені белгілі бір қайнату параметріне жеке-жеке бағдарламалауға болады.

Төмендегі процедура «☕» түймесін бағдарламалау жолын сипаттайды.



1 Ағызу шүмегінің астына кесе қойыңыз.



2 «☕» түймесін «MEMO» белгішесі көрсетілгенше басып тұрыңыз. Одан кейін түймені жіберіңіз. Құрылғы енді бағдарлама жасау режимінде. Құрылғы кофе қайната бастайды.



3 «STOP» белгішесі көрсетілген кезде, қажетті кофе мөлшеріне жетер-жетпес «☐» түймесін басыңыз.

Енді «☕» түймесі бағдарламаланды; ол басылған сайын құрылғы жаңа ғана бағдарламаланған эспрессо мөлшерін қайнатады.



Ескертпе:

«☕» және «☐» түймелерін бағдарламалау үшін дәл сол процедураны орындаңыз.


Қажетті кофе мөлшеріне жеткен кезде қайнатуды тоқтату үшін әрқашан «ESC» түймесін қолданыңыз.

Сусын қалыңдығын «BEVERAGE MENU» ішінен де реттеуге болады («Сусын бағдарламалау» тарауындағы «Coffee Length» опциясын қараңыз).

ЭСПРЕССО, КОФЕ ЖӘНЕ ЛУНГО ҚАЙНАТУ

Кофе қайнатпас бұрын дисплейде ешқандай ескертулер көрсетілмегеніне және су ыдысы мен кофе дәндері ыдысы толтырылғанына көз жеткізіңіз.


Кофе дәндерін қолданып эспрессо, кофе және лунго қайнату




1 Ағызу шүмегінің астына 1 не 2 кесе қойыңыз.



2 Эспрессо үшін «☕» түймесін, кофе үшін «☕» түймесін немесе лунго үшін «☕» түймесін басыңыз.



3 1 эспрессо, 1 кофе немесе 1 лунго қайнату үшін, қажетті түймені бір рет басыңыз. Мына экран көрсетіледі.



4 2 кесе эспрессо, 2 кесе кофе немесе 2 кесе лунго қайнату үшін қажетті түймені екі рет басыңыз. Мына экран көрсетіледі.

Ескертпе:

Бұл жұмыс режимінде құрылғы тиісті кофе мөлшерін автоматты түрде тартып, мөлшерлейді. Екі кесе эспрессо қайнату үшін құрылғы автоматты түрде орындайтын екі тарту және қайнату циклдері қажет.




5 Алдын ала қайнату циклінен кейін ағызу шүмегінен кофе аға бастайды.






6 Орнатылған деңгейге жеткенде кофе қайнату автоматты түрде тоқтайды; дегенмен «↶» түймесін басып, одан бұрын тоқтатуға болады.

Алдын ала тартылған кофеден эспрессо, кофе және лунго қайнату

Бұл функция алдын ала тартылған және кофеинсіз кофе қолдануға мүмкіндік береді.
Алдын ала тартылған кофе функциясымен бір уақытта бір кофе ғана қайнатуға болады.







- 1 Алдын ала тартылған кофе функциясын таңдау үшін «» түймесін «» белгішесі көрсетілгенше басып тұрыңыз.




- 2 Ағызу шүмегінің астына кесе қойыңыз.



- 3 Эспрессо үшін «» түймесін, кофе үшін «» түймесін немесе лунго үшін «» түймесін басыңыз. Қайнату циклі басталады.



- 4 Мына экран көрсетіледі.



- 5 Алдын ала тартылған кофе бөлігінің қақпағын көтеріп, бөлікке өлшеу қасығымен бір қасық алдын ала тартылған кофе қосыңыз. Тек құрылғымен бірге берілген өлшеу қасығын қолданыңыз. Одан кейін алдын ала тартылған кофе бөлігінің қақпағын жабыңыз.



Ескерту:

Алдын ала тартылған кофе бөлігіне тек алдын ала тартылған кофе қосыңыз. Басқа заттар мен нәрселер құрылғыға ауыр зақым келтіруі мүмкін. Мұндай зақымды көпілдік қамтымайды.



6 Растап, қайнатуды бастау үшін «✓» түймесін басыңыз.

7 Алдын ала қайнату циклінен кейін ағызу шүмегінен кофе аға бастайды.

8 Орнатылған деңгейге жеткенде кофе қайнату автоматты түрде тоқтайды; дегенмен «↶» түймесін басып, одан бұрын тоқтатуға болады.

Қайнатқаннан кейін құрылғы негізгі мәзірге оралады.

Алдын ала тартылған кофе қолданып қосымша кофе қайнату үшін жоғарыда сипатталған қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе:

«✓» қайнатуды бастау түймесі 30 секунд ішінде басылмаса, құрылғы негізгі мәзірге оралып, салынған кофені тартылған кофе тартпасына түсіреді.

Бөлікке алдын ала тартылған кофе салынбаса, тек қана су ағады. Мөлшері тым көп болса немесе 2 өлшеу қасығы не одан көп кофе қолданылса, құрылғы өнімді қайнатпайды. Тек су ағады, ал тартылған кофе тартылған кофе тартпасына төгіледі.

СҮТ ҚҰМАНЫ

Бұл тарауда капучино, латте маккьято немесе ыстық сүт дайындау үшін сүт құманын қолдану жолдары түсіндіріледі.



Ескертпе:

Сүт құманын қолданбас бұрын оны «Тазалау және техникалық қызмет көрсету» тарауында сипатталғандай жақсылап тазалаңыз. Оны салқын сүтпен толтырған жөн (шамамен 5 °С). Пайдаланғаннан кейін, құманды тоңазытқышқа қайта қойыңыз. Сүтті тоңазытқыштан 15 минуттан артық уақытқа шығарып қоюға БОЛМАЙДЫ.



Ескерту:


Құманға тек сүт немесе тазалауға арналған су құюға болады.

Сүт құманын толтыру


Қолданудан бұрын сүт құманын толтыру керек.




- 1 Сүт құманының ағызу шүмегін сағат тілі бағытымен орнына бекітілгенше бұраңыз.




- 2 Босату түймелерін басып, қақпақты көтеріңіз.



- 3 Құманға сүт құйыңыз: сүт деңгейі сүт құманында көрсетілген минималды (MIN) және максималды (MAX) деңгей көрсеткіштерінің арасында болуы тиіс.




4 Қақпақты орнына қойып, сүт құманының ағызу шүмегін сағат тілінің бағытына қарсы бұрау арқылы жабыңыз.




Енді сүт құманы қолдануға дайын.



Сүт құманын салу



1 Сүт құманын сәл еңкейтіп, құрылғының алдыңғы жағына кіргізіңіз.




2 Бұл кезде құмандағы тесіктер (A) бекітпелерден (C) төмен болады. Өзектер (B) бағыттауыштармен (D) бір биіктікте тұрады.




3 Құманды тамшылау науасына (E) (сыртқы) орнатылғанша бұрап тұрып төмен қарай итеріңіз.

! Сақтандыру:
Салған кезде құманды күштеп итермеңіз.


Сүт құманын алу



1 Сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы сүт құманының ағызу шүмегін жабыңыз.



2 Сүт құманын тамшылау науасындағы (сыртқы) (E) орнынан босағанша жоғары қарай бұрыңыз.




3 Оны құрылғыдан толығымен ажырағанша тартыңыз.

Сүт құманын босату



- 1 Сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сүт құманының ағызу шүмегін ашыңыз.



- 2 Қақпақты алу үшін босату түймелерін басыңыз.

- 3 Қақпақты көтеріңіз. Сүт құманын босатып, оны дұрыстап тазалаңыз.



Ескертпе:


Қолданғаннан кейін сүт құманын «Тазалау және техникалық қызмет көрсету» тарауында айтылғандай тазалап тұрыңыз.

КАПУЧИНО ҚАЙНАТУ

**Ескерту:**

Күйіп қалу қаупі! Ағызған кезде алдымен сүт немесе бу атқылауы мүмкін. Күйіп қалу қаупі!


Тазалау циклі орындалып жатқан кезде құманның сабын ұстаушы болмаңыз: күйіп қалу қаупі! Сүт құманын алмас бұрын цикл аяқталғанша күтіңіз.

**1**


Құманды сүтпен толтырыңыз. Сүт деңгейі сүт құманында көрсетілген минималды (MIN) және максималды (MAX) деңгей көрсеткіштерінің арасында болуы тиіс.

**Ескертпе:**


Капучино дайындаған кезде оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін құрамында кемінде 3 % ақуыз бар салқын (~5 °C / 41°F) сүт қолданыңыз. Қалауыңызға сай қаймағы алынбаған сүт немесе майы алынған сүт қолдануға болады.


**2**

Қақпақты орнына қойып, сүт құманын құрылғыға салыңыз.


**3**


Кофе ағызу шүмегінің астына кесе қойыңыз.






4 Сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сүт құманының ағызу шүмегін ашыңыз.



5 Ағызуды бастау үшін «» түймесін басыңыз.




6 Құрылғы қызып жатыр.




Ескертпе:


ECOMODE функциясы қосылып тұрса, құрылғы қызу үшін көбірек тұруы керек. Қосымша мәлімет алу үшін «Құрылғыны бағдарламалау» тарауын қараңыз.



7 Мына экран көрсетілген кезде құрылғы көпірген сүт ағыза бастайды.
«» түймесін басып, ағызуды одан бұрын тоқтатуға болады.



8 Сүт көбігі ағызылғаннан кейін, құрылғы кофе қайнатады. «» түймесін басып, қайнатуды одан бұрын тоқтатуға болады.



9 Кесені алып, сүт ағызу шүмегін сағат тілінің бағытына қарсы бұрау арқылы жабыңыз.


10 Бірнеше секунд күтіңіз. Енді құрылғы автоматты тазалау циклін бастайды («Тазалау және техникалық қызмет көрсету» тарауын қараңыз).

11 Тазалау циклі аяқталғанша күтіп, сүт құманын алып, тоңазытқышқа қойыңыз.

Ыстық сүт дайындау үшін «Арнайы сусындар» тарауын қараңыз.

Капучино қалыңдығын реттеу

«☕» түймесі басылған сайын, құрылғы кесеге алдын ала орнатылған капучино мөлшерін ағызады. Құрылғы капучино мөлшерін қалауыңызша және кеселердің өлшемдеріне қарай реттеуге мүмкіндік береді.



- 1 Құманды сүтпен толтырып, құрылғыға салыңыз.
- 2 Ағызу шүмегінің астына кесе қойып, құманның ағызу шүмегін сағат тілі бағытымен бұрау арқылы ашыңыз.
- 3 «☕» түймесін «MEMO» белгішесі көрсетілгенше басып тұрыңыз. Одан кейін түймені жіберіңіз. Құрылғы енді бағдарлама жасау режимінде.
- 4 Құрылғы қызып жатыр.
- 5 Мына экран көрсетілген кезде құрылғы кесеге сүт көбігін ағыза бастайды. Қажетті сүт мөлшеріне жетер-жетпес «↶» түймесін басыңыз.
- 6 Сүт көбігі ағызылғаннан кейін, құрылғы кофе қайната бастайды. Қажетті кофе мөлшеріне жеткенде «↷» түймесін басыңыз.

Енді «☕» түймесі бағдарламаланды. Ол басылған сайын құрылғы жаңа ғана бағдарламаланған мөлшерді қайнатады.



Ескертпе:


Сусын қалыңдығын «BEVERAGE MENU» ішінен де реттеуге болады («Сусын бағдарламалау» тарауын қараңыз).

ЛАТТЕ МАКЪЯТО ҚАЙНАТУ

**Ескерту:**

Күйіп қалу қаупі! Ағызған кезде алдымен сүт немесе бу атқылауы мүмкін. Күйіп қалу қаупі!


Тазалау циклі орындалып жатқан кезде құманның сабын ұстаушы болмаңыз: күйіп қалу қаупі! Сүт құманын алмас бұрын цикл аяқталғанша күтіңіз.




- 1 Құманды сүтпен толтырыңыз. Сүт деңгейі сүт құманында көрсетілген минималды (MIN) және максималды (MAX) деңгей көрсеткіштерінің арасында болуы тиіс.

**Ескертпе:**


Капучино дайындаған кезде оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін құрамында кемінде 3 % ақуыз бар салқын (~5 °C / 41°F) сүт қолданыңыз. Қалауыңызға сай қаймағы алынбаған сүт немесе майы алынған сүт қолдануға болады.




- 2 Қақпақты орнына қойып, сүт құманын құрылғыға салыңыз.



- 3 Кофе ағызу шүмегінің астына кесе қойыңыз.





4 Сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сүт құманының ағызу шүмегін ашыңыз.



5 Ағызуды бастау үшін «☺» түймесін басыңыз.



6 Құрылғы қызып жатыр.



Ескертпе:


ECOMODE функциясы қосылып тұрса, құрылғы қызу үшін көбірек тұруы керек. Қосымша мәлімет алу үшін «Құрылғыны бағдарламалау» тарауын қараңыз.



7 Мына экран көрсетілген кезде құрылғы көпірген сүт ағыза бастайды. «↶» түймесін басып, ағызуды одан бұрын тоқтатуға болады.



8 Сүт көбігі ағызылғаннан кейін, құрылғы кофе қайнатады. «↷» түймесін басып, қайнатуды одан бұрын тоқтатуға болады.



9 Кесені алып, сүт ағызу шүмегін сағат тілінің бағытына қарсы бұрау арқылы жабыңыз.

10 Бірнеше секунд күтіңіз. Енді құрылғы автоматты тазалау циклін бастайды («Тазалау және техникалық қызмет көрсету» тарауын қараңыз).

11 Тазалау циклі аяқталғанша күтіп, сүт құманын алып, тоңазытқышқа қойыңыз.


Латте маккьято қалыңдығын реттеу

«☺» түймесі басылған сайын, құрылғы кесеге алдын ала орнатылған латте маккьято мөлшерін ағызады. Құрылғы латте маккьято мөлшерін қалауыңызша және кеселердің өлшемдеріне қарай реттеуге мүмкіндік береді.

- 1 Сүт құманын сүтпен толтырып, құрылғыға салыңыз.
- 2 Ағызу шүмегінің астына кесе қойып, құманның ағызу шүмегін сағат тілі бағытымен бұрау арқылы ашыңыз.



- 3 «☺» түймесін «MEMO» белгішесі көрсетілгенше басып тұрып, одан кейін жіберіңіз. Құрылғы енді бағдарлама жасау режимінде.



- 4 Құрылғы қызып жатыр.



- 5 Мына экран көрсетілген кезде құрылғы кесеге сүт көбігін ағыза бастайды. Қажетті сүт мөлшеріне жетер-жетпес «☺» түймесін басыңыз.



- 6 Сүт көбігі ағызылғаннан кейін, құрылғы кофе қайната бастайды. Қажетті кофе мөлшеріне жеткенде «☺» түймесін басыңыз.

Енді «☺» түймесі бағдарламаланды. Ол басылған сайын құрылғы жаңа ғана бағдарламаланған мөлшерді қайнатады.



Ескертпе:

Сусын қалыңдығын «BEVERAGE MENU» ішінен де реттеуге болады («Сусын бағдарламалау» тарауын қараңыз).

АРНАЙЫ СУСЫНДАР


Құрылғы жоғарыда айтылған өнімдерден басқа өнімдерді де қайнатуға арналған. Бұл үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:



1 «☺» түймесін басып, SPECIAL BEVERAGES мәзіріне кіріңіз.



2 «∨» немесе «∧» айналдыру түймесін басып, қажетті сусынды таңдаңыз.



3 Қажетті сусын таңдалғаннан кейін, қайнатуды бастау үшін «✓» түймесін басыңыз.

**Ескертпе:**

Ешбір өнімді таңдамай «☺» түймесін бассаңыз, құрылғы 10 секундтан кейін негізгі мәзірге оралады.


Арнайы сусындар функциясы бір уақытта бір сусын ғана қайнатуға мүмкіндік береді. Тағы сусын қайнату үшін 1–3 қадамдарын қайталаңыз.

Ыстық сүт

**Ескерту:**


Күйіп қалу қаупі! Ағызған кезде алдымен сүт немесе бу атқылауы мүмкін. Күйіп қалу қаупі!
Тазалау циклі орындалып жатқан кезде құманның сабын ұстаушы болмаңыз: күйіп қалу қаупі! Сүт құманын алмас бұрын цикл аяқталғанша күтіңіз.

1 Сүт құманын салып, ағызу шүмегінің астына кесе қойыңыз. Сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сүт ағызу шүмегі ашыңыз.






2 «☺» түймесін басып, SPECIAL BEVERAGES мәзіріне кіріңіз.



3 «▼» немесе «▲» айналдыру түймесін басып «HOT MILK» тармағын таңдағаннан кейін, «✓» түймесін басып растаңыз.




4 Құрылғы ыстық сүт ағыза бастайды. «↶» түймесін басып, ағызуды одан бұрын тоқтатуға болады.

Ыстық су ағызу





Ескерту:

Күйіп қалу қаупі! Ағызған кезде алдымен аздап ыстық су немесе бу атқылауы мүмкін. Күйіп қалу қаупі! Бу/ыстық су түтігін жалаң қолмен ұстаушы болмаңыз.



1 Бу/ыстық су түтігінің астына ыдыс қойыңыз.



2 «☺» түймесін басып, SPECIAL BEVERAGES мәзіріне кіріңіз.

3 «✓» немесе «^» айналдыру түймесін басып «HOT WATER» тармағын таңдағаннан кейін, «✓» түймесін басып растаңыз.

4 Ыстық су ағызылады. «↻» түймесін басып, ағызуды одан бұрын тоқтатуға болады.

5 Болғаннан кейін қажетті су мөлшері құйылған ыдысты алыңыз.


Контурда қалған су тамшылауы мүмкін. Бұл құрылғының қалыпты жұмысына жатады.

Бу шығару



Ескерту:


Күйіп қалу қаупі! Ағызған кезде алдымен аздап ыстық су немесе бу атқылауы мүмкін. Күйіп қалу қаупі! Бу/ыстық су түтігін жалаң қолмен ұстаушы болмаңыз.



1 Қыздырылатын өнім құйылған ыдысты бу/ыстық су түтігінің астына қойыңыз.



2 «☺» түймесін басып, SPECIAL BEVERAGES мәзіріне кіріңіз.




- 3 «**✓**» немесе «**^**» айналдыру түймесін басып «STEAM» тармағын таңдағаннан кейін, «**✓**» түймесін басып растаңыз.
- 4 Бу шығару басталады.
- 5 Бу/ыстық су түтігін қыздырылатын өнімге салыңыз. «**↶**» түймесін басып, ағызуды одан бұрын тоқтатуға болады.

СУСЫН БАҒДАРЛАМАЛАУ

Құрылғыны кофе дәмін қалауыңызға сай бейімдеу үшін бағдарламалауға болады. Өрбір сусынның жеке реттелетін параметрлері бар.



- 1 Құрылғының негізгі мәзіріне кіру үшін «**☰**» түймесін басыңыз.



- 2 «BEVERAGE MENU» мәзіріне кіру үшін «**✓**» түймесін басыңыз.



Ескертпе:

«**✓**» немесе «**^**» айналдыру түймесін басып, «**✓**» түймесімен растау арқылы қажетті опцияны таңдауға болады.

Капучиноны бағдарламалау

Төмендегі процедура капучиноны бағдарламалау жолын сипаттайды.

Төменде әрбір ішкі мәзірдің параметрлері түсіндірілген. Оларды «✓» немесе «^» айналдыру түймесін басып таңдауға болады. Параметрлерді «✓» түймесімен растаңыз.



Сусындар мәзірінен «CAPPUCCINO» тармағын таңдау үшін «✓» түймесін басыңыз.

COFFEE QUANTITY

Бұл параметр сусын қайнату үшін тартылатын кофе мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді.

GROUND = сусын қайнату үшін алдын ала тартылған кофе қолданылады

MILD = аз мөлшер

MEDIUM = орташа мөлшер

STRONG = көп мөлшер

PREBREWING

Бұл параметр алдын ала қайнату функциясын қосады. Алдын ала қайнату кезінде хош иісті толығымен шығару үшін кофе сәл ылғалданады.

OFF: алдын ала қайнату функциясы орындалмайды.

LOW: алдын ала қайнату функциясы қосылады.

HIGH: кофе дәмін күшейту үшін алдын ала қайнату функциясы ұзағырақ орындалады.

COFFEE TEMPERATURE


Бұл параметр кофе температурасын реттеуге мүмкіндік береді.

LOW: төмен температура.

NORMAL: орташа температура.


HIGH: жоғары температура.

COFFEE LENGTH



«**✓**» немесе «**^**» айналдыру түймесінің көмегімен дисплейдегі жолақты реттеу арқылы кофе қайнату үшін қолданылатын су мөлшерін таңдауға болады. Өзгертуді растау үшін «**OK**» түймесін басыңыз.

MILK QUANTITY



«**✓**» немесе «**^**» айналдыру түймесін басып дисплейдегі жолақты реттеу арқылы таңдалған сусын үшін қолданылатын сүт мөлшерін таңдауға болады. Өзгертуді растау үшін «**✓**» түймесін басыңыз.



Ескертпе:

Сүт мөлшерін басқару опциялары тек сүтке негізделген сусындар үшін көрсетіледі.

DEFAULT

Әрбір сусын үшін бастапқы зауыттық параметрлерді қалпына келтіруге болады. Осы функцияны таңдағаннан кейін реттелген параметрлер өшіріледі.

Бағдарламалаудан шығу үшін «**↶**» түймесін негізгі мәзір көрсетілгенше кемінде бір мәрте басыңыз.

Ыстық суды бағдарламалау

Төмендегі процедура ыстық суды бағдарламалау жолын сипаттайды.



- 1 «**✓**» немесе «**^**» айналдыру түймесін басып, сусындар мәзірінен «**SPECIAL BEVERAGES**» тармағын таңдаңыз. Растау үшін «**✓**» түймесін басыңыз.




- 2 «✓» немесе «^» айналдыру түймесін басып, «HOT WATER» тармағын таңдаңыз. Өзгертуді растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



WATER QUANTITY

«✓» немесе «^» айналдыру түймесімен дисплейдегі жолақты реттеу арқылы ағызылатын ыстық су мөлшерін таңдауға болады. Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.




DEFAULT

Бастапқы зауыттық параметрлерді қалпына келтіру. Осы функцияны таңдағаннан кейін реттелген параметрлер өшіріледі.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ БАҒДАРЛАМАЛАУ



- 1 Құрылғының негізгі мәзіріне кіру үшін «☰» түймесін басыңыз.



- 2 «✓» немесе «^» айналдыру түймесін басып, «MACHINE MENU» тармағын таңдаңыз. Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.

Жалпы мәзір

GENERAL MENU	Жалпы мәзір жұмыс параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.
→ TONE	«TONE» функциясы құрылғы дыбысын қосады/өшіреді.
→ ECOMODE	ECOMODE функциясы құрылғы қосылған кезде қайнатқышты қосу деңгейін бірінші деңгейде ұстау арқылы қуат үнемдеуге мүмкіндік береді. Тағы сүтке негізделген сусын ағызғыңыз келсе, қыздыру уақыты ұзаруы мүмкін. Әдепкі мәні бойынша функция «ON» күйіне орнатылады.
→ STAND-BY SETTINGS	«STAND-BY SETTINGS» соңғы қайнатудан кейін құрылғы күту режиміне өтетін уақытты орнатады. Күту уақыты 15, 30, 60 және 180 минут болуы мүмкін. Әдепкі уақыт мәні — 30 минут.

Дисплей мәзірі

DISPLAY MENU	Дисплей мәзірі тіл мен дисплей жарықтығын орнатуға мүмкіндік береді.
→ LANGUAGE	Бұл параметр құрылғы параметрлерін пайдаланушының еліне сәйкес автоматты түрде реттеу үшін маңызды.
→ BRIGHTNESS	

Су мәзірі

WATER MENU	«WATER MENU» оңтайлы кофе алу үшін су параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді.
HARDNESS	«HARDNESS» ішінен су қаттылығы деңгейін орнатуға болады. Су қаттылығын өлшеу үшін «Су қаттылығын өлшеу және бағдарламалау» тарауын қараңыз.
ENABLE FILTER	Осы сүзгі қосылса, құрылғы пайдаланушыға су сүзгісін ауыстыру керектігі туралы хабарлайды. OFF: ескерту өшіріледі. ON: ескерту қосылады (осы сүзгі іске қосылған кезде ескерту автоматты түрде орнатылады).
ACTIVATE FILTER	Орнатылғаннан немесе ауыстырылғаннан кейін сүзгіні іске қосу. «INTENZA+ су сүзгісін орнату» тарауын қараңыз.

Техникалық қызмет көрсету мәзірі

MAINTENANCE	«MAINTENANCE MENU» құрылғыға техникалық қызмет көрсетуді дұрыс басқару үшін барлық функцияларды орнатуға мүмкіндік береді.
→ COUNTERS	«COUNTERS» функциясы соңғы рет қалпына келтіргеннен кейін әрбір кофе түрінен қанша өнім қайнатылғанын көрсетеді.
→ BREW GROUP CLEAN	BREW GROUP CLEAN функциясы қайнату бөлігін ай сайын тазалауды қосады («Қайнату бөлігін ай сайын «Кофе майын кетіргіш затпен» тазалау» тарауын қараңыз).
→ CARAFE CLEANING	CARAFE CLEANING функциясы сүт құманын ай сайын тазалауды қосады («Сүт құманын ай сайын тазалау» тарауын қараңыз).
→ DESCALING	DESCALING функциясы қақтан тазалау циклін іске қосады («Қақтан тазалау» тарауын қараңыз).
→ CARAFE CLEAN	CARAFE CLEAN функциясы сүт құманының автоматты өзін-өзі тазалау циклін орындауға мүмкіндік береді. Әдепкі мәні бойынша функция «ON» күйіне орнатылады.

Зауыттық параметрлер

FACTORY SETTINGS	«FACTORY SETTINGS» опциясы қосылса, құрылғының барлық параметрлерінің әдепкі мәндері қалпына келтіріледі. Мұндай жағдайда барлық реттелген параметрлер өшіріледі.
-------------------------	---

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Құрылғыны күнделікті тазалау



Сақтандыру:

Құрылғыны уақытында тазалау және оған техникалық қызмет көрсету өте маңызды, себебі ол құрылғының қызмет ету мерзімін ұзартады. Құрылғыға ылғалдық, кофе және қақ үнемі әсер етеді! Бұл тарауда орындалуы тиіс іс-шаралар мен олардың жиілігі толық сипатталады. Мұны орындамасаңыз, ақыр аяғында құрылғы дұрыс жұмыс істемей қалады. Мұндай жағдайда кепілдік жөндеуді ҚАМТЫМАЙДЫ!




Ескертпе:


- Құрылғыны тазалау үшін жұмсақ әрі дымқыл шүберек пайдаланыңыз.
- Алынатын ешбір бөлшегін ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін спирт, еріткіштер және/немесе ысқыш заттар қолданбаңыз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз.
- Құрылғыны және/немесе оның құрамдас бөліктерін шағын толқынды және/немесе кәдімгі пешті пайдаланып құрғатпаңыз.


Тартылған кофе тартпасын және тамшылау науасын (ішкі) құрылғы қосылып тұрғанда күнде босатып тазалаңыз. Төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- 1** Түймені басып, қызмет көрсету есігін ашыңыз.




- 2** Тамшылау науасын (ішкі) және тартылған кофе тартпасын алыңыз.







3 Тартылған кофе тартпасын босатып, таза сумен жуыңыз.



4 Тамшылау науасы (ішкі) мен қақпақты босатып, оларды таза сумен жуыңыз.



5 Барлық құрамдас бөліктерді тиісті түрде қайта орнатыңыз.




6 Тамшылау науасы мен тартылған кофе тартпасын салып, қызмет көрсету есігін жабыңыз.



Ескертпе:

Тартылған кофе тартпасы құрылғы өшіп тұрған кезде босатылса, тартылған кофе санауышы ысырылмайды. Мұндай жағдайда құрылғы «EMPTY COFFEE GROUNDS DRAWER» хабарын тым аз уақыт өте көрсетуі мүмкін.

Су ыдысын күнделікті тазалау



1 Су ыдысынан кіші ақ сүзгіні немесе «INTENZA+» су сүзгісін алып тастап (орнатылған болса), оны таза сумен жуыңыз.


2 Кіші ақ сүзгіні немесе «INTENZA+» су сүзгісін (орнатылған болса) абайлап басып бұрау арқылы қайтадан корпусына орнатыңыз.

3 Су ыдысын таза сумен толтырыңыз.

Сүт құманын күнделікті тазалау: «CLEAN» өзін-өзі тазалау циклі (қолданып болған сайын)

Сүтке негізделген сусын дайындағаннан кейін құрылғы сүт ағызу шүмегінен бу шығару арқылы автоматты тазалау циклін орындайды.

Бұл циклді басқару панеліндегі «☼» түймесін басу арқылы қолмен де қосуға болады. Бұл әрекетті кез келген уақытта істеуге болады.




- 1 Сүт құманын құрылғыға «Сүт құманы» тарауында сипатталғандай салыңыз. Сүт ағызу шүмегін жабыңыз.




- 2 Тазалау циклін бастау үшін «☼» түймесін басыңыз.


Құрылғыны апта сайын тазалау

- 1 Құрылғыны өшіріп, оны розеткадан ағытыңыз.




- 2 Тамшылау науасын (сыртқы) алыңыз.







3 Торды алып, оны жақсылап жуыңыз.




4 Тор астындағы тұғырды алыңыз. Тұғыр мен тамшылау науасын жуыңыз.




5 Торды кептіріп, қайта жинап, құрылғыға қайта салыңыз.



6 Ағызу шүмегін алып, оны сумен жуыңыз.




7 Алдын ала тартылған кофе бөлігін щеткамен немесе құрғақ шүберекпен тазалаңыз.



- 8** Бу/ыстық су түтігі мен дисплейді дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

Сүт құманын апта сайын тазалау


Апта сайынғы тазалау одан мұқият жасалады, себебі құманның ағызу шүмегінен барлық сүт қалдықтары кетіріледі.




- 1** Тазаламас бұрын құманды құрылғыдан алып, босатыңыз.




- 2** Сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сүт ағызу шүмегін ашыңыз.




- 3** Бүйірлерін басып, қақпақты көтеріңіз.




- 4** Тұтқаны сағат тілінің бағытына қарсы құлыпты ашу күйіне қарай «●» белгішесіне дейін бұраңыз.




5 Құрылғымен түйісетін қосқышты алыңыз.




6 Сору түтігі жалғанған тұтқаны алыңыз.



7 Сору түтігін алыңыз.



8 Сыртқы фитингті алыңыз.



9 Ішкі фитингті алыңыз.

10 Барлық бөліктерді жылы сумен жақсылап тазалаңыз.


11 Дәл сондай процедураны, бірақ қарама-қарсы ретпен орындап, бөліктерді құрастырыңыз.




Сақтандыру:
Құманның бөлшектерін ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.

Қайнату бөлігін апта сайын тазалау


Қайнату бөлігін кофе дәндері ыдысы толтырылған сайын немесе кемінде аптасына бір рет тазалануы тиіс.




- 1** Түймені басып, қызмет көрсету есігін ашыңыз.



- 2** Тамшылау науасын (ішкі) және тартылған кофе тартпасын алыңыз.




- 3** Қайнату бөлігін алу үшін «PUSH» түймесін басып, оны тұтқасынан тартыңыз.



- 4** Қайнату бөлігін таза, жылы сумен жақсылап жуып, жоғарғы сүзгіні дұрыстап тазалаңыз.

! Сақтандыру:


Қайнату бөлігін тазалау үшін өшқандай жуғыш зат немесе сабын қолданбаңыз.




- 5** Қайнату бөлігі толығымен кепкенше қойып қойыңыз.

- 6** Құрылғының ішкі жағын жұмсақ, дымқыл шүберекпен жақсылап тазалаңыз.


- 7** Қайнату бөлігі өшірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз; екі сілтеме белгілері бір-біріне сәйкес келуі керек. Олар бір-біріне сәйкес келмесе, 8-қадамда сипатталған әрекеттерді орындаңыз.




- 8** Иінтіректі қайнату бөлігінің тұғырына сәл тигенше және қайнату бөлігінің бүйіріндегі екі сілтеме белгі сәйкес келгенше абайлап төмен тартыңыз.




- 9** «PUSH» түймесін орнын бекітілгенше мықтап басып, қайнату бөлігін бекітетін ілмек дұрыс позицияда тұрғанына көз жеткізіңіз. Ілмек жоғарғы шеттегі позицияда тұрғанын тексеріңіз. Олай болмаса, әрекеттерді қайталап көріңіз.



- 10** «PUSH» түймесін баспай, қайнату бөлігін орнына қайта орнатыңыз.




- 11** Тамшылау науасы (ішкі) мен тартылған кофе тартпасын салып, қызмет көрсету есігін жабыңыз.



Сүт құманын ай сайын тазалау



Контурды толығымен сүт қалдықтарынан тазарту үшін ай сайынғы тазалау циклінде «Saeco Milk Circuit Cleaner» затын қолданған жөн деп санаймыз. «Saeco Milk Circuit Cleaner» затын бөлек сатып алуға болады. Қосымша мәлімет алу үшін техникалық қызмет көрсету өнімдері келтірілген бетті қараңыз.




1 Құрылғы мәзірінен MAINTENANCE опциясын таңдаңыз.


2 CARAFE CLEANING тармағын таңдаңыз. Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.




3 Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.




4 Су ыдысын MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз. «✓» түймесін басыңыз.




5 Сүт құманын MAX деңгейіне дейін таза ауыз сумен толтырыңыз. Сүт құманына сүт контурын тазалау затының бір қабын төгіп, ол толығымен ерігенше күтіңіз.








6 Қақпақты орнына қойыңыз.




7 Сүт ағызу шүмегін сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, құлыптау позициясына қойыңыз.



8 Сүт құманын құрылғыға салыңыз.



9 Ағызу шүмегінің астына үлкен ыдыс (1,5 л) қойыңыз. Сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сүт ағызу шүмегін ашыңыз.



10 Циклді бастау үшін «✓» түймесін басыңыз. Құрылғы сүт ағызу шүмегі арқылы ерітіндіні ағыза бастайды.




11 Мына белгіше көрсетіледі. Жолақ циклдің орындалу барысын көрсетеді.



Ескерту:

Бұл қадамда ағызылған ерітіндіні ішуші болмаңыз.




12 Құрылғы ағызып болған кезде ыдысты MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз. Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



13 Сүт құманын және ыдысты құрылғыдан алыңыз.



14 Сүт құманын жақсылап жуып, таза сумен толтырыңыз. Сүт құманын құрылғыға салыңыз. Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.



15 Ыдысты босатып, қайтадан кофе ағызу шүмегінің астына қойыңыз. Сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сүт ағызу шүмегін ашыңыз.



16 Құрылғы кофе ағызу шүмегі мен сүт ағызу шүмегі арқылы су ағыза бастайды. Жолақ циклдің орындалу барысын көрсетеді.

17 Цикл аяқталған кезде құрылғы өнім қайнату мәзіріне оралады.

18 Сүт құманын «Сүт құманын апта сайын тазалау» тарауында айтылғандай бөлшектеп жуыңыз.

Қайнату бөлігін ай сайын майлау





Шамамен 500 кесе кофеден кейін немесе айына бір рет қайнату бөлігін майлап тұрыңыз.



Қайнату бөлігін майлау үшін қолданылатын Saeco майын бөлек сатып алуға болады. Қосымша мәлімет алу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығындағы техникалық қызмет көрсету өнімдері келтірілген бетті қараңыз.

! Сақтандыру:

Қайнату бөлігін майламас бұрын оны «Қайнату бөлігін апта сайын тазалау» тарауында сипатталғандай таза сумен тазалап келтіріңіз.



1 Майды екі бүйірлік бағыттауыштарға біркелкі жағыңыз.



2 Білікті де майлаңыз.

3 Қайнату бөлігін орнына құлыпталғанша итеріңіз («Қайнату бөлігін апта сайын тазалау» тарауын қараңыз).

4 Тамшылау науасы (ішкі) мен тартылған кофе тартпасын салып, қызмет көрсету есігін жабыңыз.

Қайнату бөлігін ай сайын «Кофе майын кетіргіш затпен» тазалау



Апта сайын тазалауға қоса, шамамен 500 кесе кофеден кейін немесе айына бір рет «Кофе майын кетіргіш затпен» тазалау циклін орындауды жөн санаймыз. Осы шарамен қайнату бөлігіне техникалық қызмет көрсету процесі аяқталады. «Кофе майын кетіргіш зат» пен «Техникалық қызмет көрсету жинағын» бөлек сатып алуға болады. Қосымша мәлімет алу үшін техникалық қызмет көрсету өнімдері келтірілген бетті қараңыз.





Сақтандыру:

«Кофе майын кетіргіш зат» таблеткалары тек тазалау үшін қолданылуы тиіс, олар қақтан тазалау функциясын атқармайды. Қақтан тазалау үшін, Saeco қақтан тазалау өрітіндісін қолданыңыз және «Қақтан тазалау» тарауында сипатталған процедураны орындаңыз.


1 Құрылғы мәзірінен «MAINTENANCE» опциясын таңдаңыз.

2 «BREW GROUP CLEAN» тармағын таңдаңыз. «✓» түймесін басыңыз.








3 Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.




4 Су ыдысын MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



5 «Кофе майын кетіргіш зат» таблеткасын алдын ала тартылған кофе бөлігіне салыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



6 Кофе ағызу шүмегінің астына ыдыс (1,5 л) қойыңыз. Тазалау циклін бастау үшін «✓» түймесін басыңыз.




- 7 Мына белгіше көрсетіледі. Жолақ циклдің орындалу барысын көрсетеді.



Ескерту:


Бұл қадамда ағызылған өрітіндіні ішуші болмаңыз.



- 8 Құрылғыдан су ағып болғаннан кейін, ыдысты алып, оны босатыңыз.

- 9 Қайнату бөлігін «Қайнату бөлігін апта сайын тазалау» тарауында айтылғандай тазалаңыз.

Кофе дәндері ыдысын ай сайын тазалау



Кофе дәндері ыдысы бос болғанда оны айына бір рет дымқыл шүберекпен тазалап, кофе майын кетіріңіз. Одан кейін кофе дәндерімен қайта толтырыңыз.

ҚАҚТАН ТАЗАЛАУ

Қақтан тазалау процесі шамамен 35 минутта орындалады.

Қолдану барысында құрылғының ішінде қақ жиналады. Оны жүйелі түрде тазалап тұру керек, әйтпесе су және кофе контурлары бітеліп қалуы мүмкін. Құрылғы қақтан тазалау қажет болған кезде ескертеді.



Сақтандыру:

Мұны орындамасаңыз, ақыр аяғында құрылғы дұрыс жұмыс істемей қалады. Мұндай жағдайда кепілдік жөндеуді ҚАМТЫМАЙДЫ.

Тек Saeco қақтан тазалау ерітіндісін ғана пайдаланыңыз. Оның формуласы құрылғының жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін әзірленген.

Saeco қақтан тазалау ерітіндісін бөлек сатып алуға болады. Қосымша мәлімет алу үшін «Техникалық қызмет көрсету өнімдеріне тапсырыс беру» тарауын қараңыз.



Ескерту:

Осы цикл соңына дейін орындалғанша аққан қақтан тазалау ерітіндісін немесе кез келген өнімді ішпеңіз. Сірке суын қақтан тазалау ерітіндісі ретінде пайдаланушы болмаңыз.



Ескертпе:

Қақтан тазалау циклі барысында құрылғыны өшірмеңіз. Құрылғы өшірілген болса, қақтан тазалау циклін басынан бастау керек болады.

Қақтан тазалау циклін орындау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.


1 MACHINE MENU мәзірінен «MAINTENANCE» опциясын таңдаңыз.

2 «DESCALING» пәрменін таңдап, «✓» түймесімен растаңыз.



Ескертпе:

«✓» түймесін қателесіп бассаңыз, шығу үшін «↶» түймесін басыңыз.



3 Растау үшін «✓» түймесін басыңыз.





- 4 Су ыдысы мен «INTENZA+» су сүзгісін алыңыз (бар болса). Saeco қақтан тазалау ерітіндісін толығымен құйыңыз. Су ыдысын MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз. «✓» түймесін басыңыз.




- 5 Тамшылау науасын (ішкі) / (сыртқы) босатыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



- 6 Сүт құманын жартылай таза сумен толтырыңыз. Құманды салып, сүт ағызу шүмегін сағат тілі бағытымен бұрау арқылы ашыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



- 7 Бу/ыстық су ағызу шүмегінің және сүт құманының ағызу шүмегінің астына үлкен ыдыс (1,5 л) қойыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



- 8 Құрылғы қақтан тазалау ерітіндісін бірдей аралықпен ағыза бастайды. Дисплейдегі жолақ циклдің орындалу барысын көрсетеді.



Ескертпе:

Процесс барысында ыдысты босату және қақтан тазалау циклін тоқтата тұру үшін «↶» түймесін басыңыз. Циклді жалғастыру үшін «✓» түймесін басыңыз.



- 9 Хабар бірінші қадамның аяқталғанын білдіреді. Су ыдысын шаю қажет. Су ыдысын MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



10 Тамшылау науасын (ішкі) босатып, қайтадан орнына қойыңыз, одан кейін «✓» түймесін басыңыз.



11 Сүт құманын босатып, оны таза сумен толтырыңыз. Оны құрылғыға қайта орналастырыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



12 Ыдысты босатып, оны бу/ыстық су ағызу шүмегінің және сүт құманының ағызу шүмегінің астына қойыңыз. «✓» түймесін басыңыз.



13 Шаю циклі басталады. Жолақ циклдің орындалу барысын көрсетеді.



14 Шаю цикліне қажетті су мөлшері толығымен ағызылғаннан кейін, құрылғы қысқа қыздыру кезеңінен кейін мына дисплейді көрсетіп, қақтан тазалау процесін автоматты түрде аяқтайды.

15 Ыдысты алып босатыңыз.

16 Сүт құманын «Сүт құманын апта сайын тазалау» тарауында айтылғандай бөлшектеп жуыңыз.

17 Тамшылау науасын (ішкі) босатып, қайтадан орнына қойыңыз.

18 «INTENZA+» су сүзгісін (орнатылған болса) су ыдысына қайта орнатыңыз.

19 Қақтан тазалау циклі аяқталды.





Ескертпе:

Қақтан тазалау циклі аяқталғаннан кейін қайнату бөлігін «Қайнату бөлігін апта сайын тазалау» тарауында айтылғандай жуыңыз.


Шаю циклі құрылғының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатымен контурды тазалау үшін орындалады. Су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылмаса, құрылғы екі не одан көп шаю циклін қажет етуі мүмкін.

ДИСПЛЕЙДІҢ МАҒЫНАСЫ

Көрсетілген хабар	Хабарды ысыру жолы
CLOSE HOPPER DOOR	Кофе дәндері ыдысының ішкі қақпағын жабыңыз.
ADD COFFEE	Кофе дәндері ыдысын толтырыңыз.
INSERT BREW GROUP	Қайнату бөлігі құрылғыға орнатылуы керек.
INSERT COFFEE GROUNDS DRAWER	Тартылған кофе тартпасы мен ішкі тамшылау науасын салыңыз.
EMPTY COFFEE GROUNDS DRAWER	Кофе қалдықтары тартпасын босатыңыз.  Ескертпе: Тартылған кофе тартпасын тек құрылғы қажет еткенде және құрылғы қосылып тұрғанда босату керек. Тартпа құрылғы өшіп тұрғанда босатылса, құрылғы босату әрекетін жазып алмайды.
CLOSE FRONT DOOR	Қызмет көрсету есігін жабыңыз.
REFILL WATER TANK	Су ыдысын алып, оны толтырыңыз.
EMPTY DRIP TRAY	Қызмет көрсету есігін ашып, ішкі тамшылау науасын босатыңыз.  Ескерту: Бұл әрекет құрылғы қосылып тұрғанда орындалса, ол тартылған кофе тартпасының босатылғанын жазып алып, санауышты ысырады; сондықтан, тартылған кофені де босату керек.
TURN CARAFE INTO BREWING POSITION ◀ESC	Өнім қайнату үшін сүт құманының ағызу шүмегін ашыңыз. Шығу үшін «↶» түймесін басыңыз.
TURN CARAFE INTO RINSING POSITION ◀ESC	Құманды тазалау циклін бастау үшін сүт құманының ағызу шүмегін жабыңыз. Шығу үшін «↶» түймесін басыңыз.

Көрсетілген хабар

Хабарды ысыру жолы



Қайнатуды бастау үшін сүт құманын салыңыз. Шығу үшін «↩» түймесін басыңыз.




Құрылғыны қақтан тазалау керек. Осы нұсқаулықтың «Қақтан тазалау» тарауындағы қадамдарды орындаңыз. Құрылғы қақтан тазаланбаса, ақыр аяғында құрылғы дұрыс жұмыс істемей қалатынын ескеріңіз. Мұндай жағдайда кепілдік жөндеуді ҚАМТЫМАЙДЫ.



Құрылғының «INTENZA+» су сүзгісін ауыстыру қажет.



Қызыл шам жыпылықтайды. Күту режимінен шығу үшін «⏻» түймесін басыңыз.



Төменгі оң жақ бұрышта көрсетілген кодты (E xx) жазып алыңыз. Құрылғыны өшіріңіз. 30 секундтан кейін оны қайта қосыңыз. Процедураны 2–3 рет қайталаңыз. Құрылғы қосылмаса, еліңіздегі Philips SAECO байланыс желісіне хабарласып, дисплейде көрсетілген кодты айтыңыз. Телефон нөмірлерін бөлек оралған кепілдік кітапшасынан немесе www.philips.com/support сайтынан табуға болады.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Бұл тарауда құрылғыға қатысты туындауы мүмкін ең көп кездесетін мәселелер жинақталған.
Төмендегі ақпараттың көмегімен мәселені шеше алмасаңыз, **www.saeco.com/support** сайтына кіріп, жиі қойылатын сұрақтар тізімін қараңыз немесе еліңіздегі Philips Saeco байланыс желісіне хабарласыңыз.
Телефон нөмірлерін бөлек оралған кепілдік кітапшасынан немесе **www.saeco.com/support** сайтынан табуға болады.

Құрылғы әрекеттері	Себептер	Шешімдер
Құрылғы іске қосылмайды.	Құрылғы электр желісіне қосылмаған.	Құрылғыны электр желісіне қосыңыз.
	Қуат түймесі «0» позициясына орнатылған.	Қуат түймесі «I» позициясына қойылғанын тексеріңіз.
Тамшылау науасы толып кетеді, бірақ су ақпайды.	Кейде құрылғы контур шаюды басқару және құрылғының оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін суды автоматты түрде тамшылау науасына ағызады.	Бұл құрылғының қалыпты әрекеті.
Кофе онша ыстық емес.	Кеселер/саптыаяқтар салқын.	Кеселерді/саптыаяқтарды ыстық сумен алдын ала жылытыңыз немесе ыстық су ағызу шүмегін пайдаланыңыз.
	Сусын температурасы бағдарлама жасау мәзірінде «Low» мәніне қойылған.	Температура бағдарлама жасау мәзірінде «Normal» немесе «High» мәніне қойылғанына көз жеткізіңіз.
	Кофеге салқын сүт қостыңыз.	Салқын сүт түпкі өнімнің температурасын азайтады. Сүтті сусынға қоспас бұрын алдын ала жылытыңыз.
Ыстық су ақпайды.	Бу/ыстық су ағызу шүмегі бітелген немесе кір.	Бу/ыстық су ағызу шүмегін тазалаңыз («Тазалау және техникалық қызмет көрсету» тарауын қараңыз). Ағызу шүмегі бітелмегенін тексеру үшін шүмекті көзбен тексеріңіз. Түйреуішпен немесе инемен қақты тесіңіз.
Құрылғы кесені/саптыаяқты толтырмайды.	Құрылғы бағдарламаланбаған.	Сусындарды бағдарлама жасау мәзіріне кіріп, әрбір сусын түрі үшін кофе қалыңдығының параметрін қалауыңызша реттеңіз.

Құрылғы әрекеттері	Себептер	Шешімдер
Кофедегі қаймақ жеткілікті емес (ескертпені қараңыз).	Қоспа жарамсыз, кофе жаңа қуырылмаған немесе тарту дәрежесі тым ірі.	Кофе қоспасын ауыстырыңыз немесе «Керамикалық кофе тартқышты реттеу» тарауында сипатталғандай тартуды реттеңіз.
	Кофе дәндері немесе алдын ала тартылған кофе тым ескі.	Жаңа кофе дәндерін немесе алдын ала тартылған кофе қолданыңыз.
Сүт көпірмейді.	Құман кір немесе дұрыс орнатылмаған.	Құман таза екеніне және дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Құрылғы тым ұзақ қызады немесе түтіктен аққан су мөлшері тым аз.	Құрылғының контуры қақпен бітелген.	Құрылғыны қақтан тазалаңыз.
Қайнату бөлігін алу мүмкін емес.	Қайнату бөлігі орнында тұрған жоқ.	Құрылғыны қосыңыз. Қызмет көрсету есігін жабыңыз. Қайнату бөлігі бастапқы позициясына автоматты түрде оралады.
	Тартылған кофе тартпасы құрылғыға салынған.	Қайнату бөлігін алмас бұрын тартылған кофе тартпасын алыңыз.
Қайнату бөлігін салу мүмкін емес.	Қайнату бөлігі өшірулі позицияда тұрған жоқ.	Қайнату бөлігі OFF позициясында тұрғанына көз жеткізіңіз. Көрсеткілер бір-біріне қарап тұруы керек. Ол үшін «Қайнату бөлігін ай сайын майлау» тарауын қараңыз.
	Тегершік дұрыс позицияда тұрған жоқ.	Тамшылау науасы мен тартылған кофе тартпасын салып, қызмет көрсету есігін жабыңыз. Құрылғыны қосыңыз. Тегершік бастапқы позициясына автоматты түрде оралады. Енді қайнату бөлігін салуға болады.
Қайнату бөлігінің астында немесе үстінде тартылған кофе көп.	Қолданылған кофе автоматты құрылғылар үшін жарамды болмауы мүмкін.	Кофе түрін немесе кофе тартқыштың параметрлерін өзгерту керек болуы мүмкін («Керамикалық кофе тартқышты реттеу» тарауын қараңыз).
	Құрылғы кофе тартқышты кофе дәндерінің немесе алдын ала тартылған кофенің жаңа түріне реттеп жатыр.	Құрылғы тартылған кофенің ұсақтығына қарай кофе шығаруды оңтайландыру үшін бірнеше кесе кофе қайнатқаннан кейін өзін автоматты түрде бейімдейді. Кофе тартқышты толығымен реттеу үшін 2 не 3 өнім қайнату керек болуы мүмкін. Бұл құрылғының ақауы емес.

Құрылғы әрекеттері	Себептер	Шешімдер
Құрылғы тартқан кофе тым дымқыл немесе тым құрғақ.	Кофе тартқышты реттеңіз.	Керамикалық кофе тартқышты реттеу қалдықтардың сапасына әсер етеді. Қалдықтар тым дымқыл болса, ірілеу тарту дәрежесін орнатыңыз. Қалдықтар тым құрғақ болса, ұсағырақ тарту дәрежесін орнатыңыз. «Керамикалық кофе тартқышты реттеу» тарауын қараңыз.
Құрылғы кофе дәндерін тартады, бірақ кофе қайнатылмайды (ескертпені қараңыз).	Су жоқ.	Су ыдысын және контурды толтырыңыз («Қолмен шаю циклі» тарауын қараңыз).
	Қайнату бөлігі кір.	Қайнату бөлігін тазалаңыз («Қайнату бөлігін апта сайын тазалау» тарауын қараңыз).
	Бұл жағдай құрылғы мөлшерлемені автоматты түрде реттеп жатқан кезде орын алуы мүмкін.	«Saeco Adapting System» тарауында сипатталғандай бірнеше кесе кофе қайнатыңыз.
	Ағызу шүмегі кір.	Ағызу шүмегін тазалаңыз.
Кофе тым сұйық (ескертпені қараңыз).	Бұл жағдай құрылғы мөлшерлемені автоматты түрде реттеп жатқан кезде орын алуы мүмкін.	«Saeco Adapting System» тарауында сипатталғандай бірнеше кесе кофе қайнатыңыз.
	Тартылған кофе тым ірі.	Кофе қоспасын ауыстырыңыз немесе «Керамикалық кофе тартқышты реттеу» тарауында сипатталғандай тартуды реттеңіз.
Кофе баяу қайнайды (ескертпені қараңыз).	Кофе тарту дәрежесі тым ұсақ.	Кофе қоспасын ауыстырыңыз немесе «Керамикалық кофе тартқышты реттеу» тарауында сипатталғандай тартуды реттеңіз.
	Контурлар бітелген.	Қақтан тазалау циклін орындаңыз.
	Қайнату бөлігі кір.	Қайнату бөлігін тазалаңыз («Қайнату бөлігін апта сайын тазалау» тарауын қараңыз).
Ағызу шүмегінен кофе ағып шығады.	Ағызу шүмегі бітелген.	Ағызу шүмегін және оның тесіктерін тазалаңыз.




Ескертпе:

Кофе қоспасы ауыстырылған болса немесе құрылғы жаңа ғана орнатылған болса, бұл мәселелер қалыпты болып есептеледі. Мұндай жағдайда құрылғы «Saeco Adapting System» тарауында сипатталғандай өзін-өзі бейімдеу әрекетін орындап болғанша күтіңіз.

ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ

Күту режимі



Толығымен автоматты Saeco эспрессо кофе құрылғысы А класындағы қуат белгісімен дәлелденгендей қуат үнемдеу үшін жасалған.

Пайдаланушы орнататын белгілі бір уақыт өткеннен кейін («Құрылғыны бағдарламалау» тарауын қараңыз) құрылғы автоматты түрде өшеді. Өнім қайнатылған болса, құрылғы шаю циклін орындайды.

Күту режимінде қуат тұтыну мөлшері 1 Вт-сағ кем.

Құрылғыны қосу үшін «**⏻**» түймесін басыңыз (құрылғының артқы жағындағы қуат түймесі «**I**» позициясына орнатылған болса). Қайнатқыш салқын болса, құрылғы шаю циклін орындайды.

STAND-BY түймесін 3 секунд басып тұру арқылы құрылғы күйін күту режиміне қолмен өзгертуге болады.



Ескертпе:

- 1 Қызмет көрсету есігі ашық тұрса, құрылғы күту режиміне өтпейді.
- 2 Күту режимі іске қосылғанда құрылғы шаю циклін орындауы мүмкін. «STOP» түймесін басып, циклді тоқтатуға болады.

Құрылғыны төмендегі әрекеттердің көмегімен қайта қосуға болады:

- 1 Басқару панеліндегі кез келген түймені басу.
- 2 Қызмет көрсету есігін ашу (есік жабылған кезде құрылғы қайтадан күту режиміне өтеді).

Құрылғы күту режимінде болған кезде «**⏻**» түймесіндегі қызыл көрсеткіш шам жыпылықтайды.

Экран қорғауышы

Дисплейдің қызмет мерзімін ұзарту үшін құрылғыда экран қорғауышы болады. 5 минут ешбір әрекет орындалмаса, құрылғының логотипі қалқып көрсетіле бастайды. Мұндай жағдайда орын алғанда құрылғы қосылып тұрады, сондықтан кез келген түйме басылғанда барлық функциялар дереу іске қосылады.



Ескертпе:

Ескерту сигналы қосылып тұрса, экран қорғауышы қосылмайды.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Өндіруші өнімнің техникалық сипаттамаларын өзгертуге құқылы.

Номиналды кернеу - Қуат күші - Қуат көзі	Құрылғыдағы деректер жапсырмасын қараңыз
Корпус материалы	Термопластикалық материал
Өлшемі (е x б x т)	245 x 360 x 420 мм
Салмағы	13,4 кг
Қуат сымның ұзындығы	1200 мм
Басқару панелі	Алдыңғы панель
Кесе өлшемі	110 мм
Су ыдысы	1,5 литр - Алынатын түрі
Кофе дәндері ыдысының сыйымдылығы	300 г
Тартылған кофе тартпасының сыйымдылығы	11
Сорғы қысымы	15 бар
Қайнатқыш	Тот баспайтын болат
Қауіпсіздік құрылғылары	Қайнатқыштың қысымды азайту клапаны — Қос қауіпсіздік термостаты
Қауіпсіздік құрылғылары	Термо сақтандырғыш

КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**Кепілдік**

Кепілдік және оған қатысты жағдайлар туралы толық ақпарат алу үшін бөлек берілген кепілдік кітапшасын оқыңыз.

Қызмет көрсету

Құрылғы сізді қанағаттандыратынын қамтамасыз еткіміз келеді. Өлі тіркемеген болсаңыз, сатып алған құрылғыңызды www.saeco.com/welcome сайтында тіркеңіз. Осының арқасында сізбен байланыста болып, сізге тазалау және қақтан тазалау ескертулерін жіберіп тұра аламыз.

Қызмет немесе қолдау алу үшін, www.saeco.com/support мекенжайындағы Philips сайтына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips Saeco байланыс желісіне хабарласыңыз. Байланыс деректерін бөлек берілген кепілдік кітапшасынан немесе www.saeco.com/support сайтынан табуға болады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨНІМДЕРІНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ

Тазалау және қақтан тазалау үшін тек Saeco техникалық қызмет көрсету өнімдерін қолданыңыз. Өнімдерді Philips онлайн дүкенінде www.shop.philips.com/service мекенжайы бойынша, жергілікті сатушыдан немесе өкілетті қызмет көрсету орталықтарынан сатып алуға болады.

Құрылғы үшін техникалық қызмет көрсету өнімдерін сатып алуға қатысты қиындық болса, еліңіздегі Philips Saeco байланыс желісіне хабарласыңыз.

Байланыс деректерін бөлек оралған кепілдік кітапшасынан немесе www.saeco.com/support сайтынан табуға болады.

Техникалық қызмет көрсету өнімдеріне шолу

- Қақтан тазалау ерітіндісі CA6700



- INTENZA+ су сүзгісі CA6702



- Май HD5061



- Кофе майын кетіргіш зат CA6704







- Сүт контурына арналған тазалағыш зат CA6705



- Техникалық қызмет көрсету жинағы CA6706







421946024881

Қазақстан Республикасында сатып алынған тауарға қатысты шағымдарды қабылдайтын заңды тұлға: «Филипс Қазақстан» ЖШС Манас көшесі, 32А, 503-кеңсе, 050008, Алматы қаласы, Қазақстан, тел. 8 75 11 65 0123

Юр. лицо принимающее претензии в отношении товара, приобретенного на территории Республики Казахстан: ТОО «Филипс Казахстан» ул.Манаса, 32А офис 503, 050008 Алматы, Казахстан, тел. 8 75 11 65 0123.

KZ Өндіруші: "Филипс Консьюмер Лайфстайл Б.В.", Туссендиепен 4, 9206 АД, Драхтен,

КК

30

Өндіруші алдын ала ескертусіз өзгеріс енгізуге құқылы.



www.philips.com/saeco